

«БЕКІТЕМІН»
Педагогика факультетінің деканы
Ж.А.Жусупова
«18» / 2022 ж.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті



МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ !

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ мектеп түлектеріне арналған ғылыми
жобалар байқауын өткізетіндігін хабарлайды!

Педагогика факультеті бойынша Мектеп бітіруші түлектерге өткізілетін Ғылыми жобалар конкурсының Ережесі

Байқаудың мақсаты мен міндеті: — оқушылардың зерттеушілік, ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту; шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, оқу-танымдық жұмыстарын ынталандыру.

Байқау қатысушылары: Байқауға мектептердің 11 сынып оқушылары қатысады.

Байқаудың шарттары:

11 сынып оқушылары «Ғылыми жоба» номинациясы бойынша, төмендегі секциялардың бірін таңдап, өз пәні бойынша педагогика және психология ғылымдары тақырыбында өзекті мәселелерді, жаңашыл идеяларды ғылыми жоба форматында жіберуі қажет.

Ғылыми жоба тақырыбын таңдау автордың өз еркінде!

Ғылыми жобалар төмендегі секциялар бойынша қабылданады:

1- секция: — Психология саласы

2- секция: — Тәрбие саласы

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторымен терілуі керек және WORD редакторында «Times New Roman» 14 шрифт, жоларалық-1.5, сол жақтан 2

см жол. Ғылыми жоба 15 беттен артық болмауы қажет және оқушының аты жөні, облысы мектебі, сыныбы, жетекшісі толық жазылуы тиіс.

Байқау екі кезең бойынша өтеді. Бірінші кезең іріктеу кезеңі сырттай өтеді. Бірінші кезең бойынша бағдану материалдары электронды нұсқада қабылданады. Өтініштерді қабылдау және бірінші кезең 20.02.2022 мерзіміне дейін жүргізіледі. Барлық ғылыми жобалар іріктеліп, екінші кезеңге өткен жоба авторлары Ақтөбе қаласына шақырылады немесе Zoom платформасы арқылы ғылыми жұмыстарын қорғайды: Zoom платформасы арқылы қорғалған жағдайда арнайы бекітілген қатаң талаптар сақталуы тиіс!

Байқауға тапсырылатын жұмыстар:

- Ұсынылған секция аясында ғылыми жобалар мазмұны бұрын ашылмаған тың тақырыптардың жекелеген қырларын және жаңалықтарды ашатын материалдар болу керек;

- практикалық құндылығы зор, мектеп эксперименттерін жетілдіруге, оқу-тәрбие үдерісінде тиімділігін арттыруға ықпал ететін ұсыныстар, идеялар ұсынатын жұмыстар;

- әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған негізі бар жобалар болуы шарт.

- берілген конкурста бұрын қаралған және қорғалған жобалар ғылыми Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Талаптар қосымша ақпарат ретінде қатысушыларға жолданады. Екінші кезең нәтижесі бойынша барлық қатысушылар мен жеңімпаздар жетекшілерімен бірге марапатталады.

Байқау жеңімпаздарына:

I орын – Қ.Жұбанов атындағы білім беру гранты

II орын – 50% оқуға жеңілдік

III орын – 35% оқуға жеңілдік

Ескерту: Білім беру гранты мен жеңілдіктерді жеңімпаздар ғылыми жобаға қатысқан бағыттары бойынша сәйкес келетін білім бағдарламаларына түскен жағдайда қолдана алады.

I кезең – жобаларды тексеру және іріктеу (21.02.2022-22.02.2022ж.ж.);

II кезең – қорытынды жобаны қорғау (23.02.2022-24.02.2022 ж.ж.);

Педагогика факультеті № 325, №326 аудитория уақыты 10:00 де басталады.

Жеңімпаздарды марапаттау 24.02.2022ж. сағат 15:00 де №326 аудитория.

Барлық сұрақтарды анықтама телефондары арқылы қоя аласыздар:

Тел: 8-702-553-23-23 Педагогика факультеті бойынша

ғылыми-инновациялық жұмыстарға жауапты Ж.Е. Иманчиев

Тел: 8-701-611-60-82 Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасы бойынша ғылыми-инновациялық жұмыстарға жауапты Ә.М.Сүгіралиева

Тел: 8-707-413-77-18 Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру кафедрасы бойынша Н.М.Нұрлан

ӨТІНІШ КЕСТЕСІ ӨМІРБАЯНМЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУ КЕРЕК

Қатысушының аты-жөні:	
Ата-анасының аты-жөні:	
Жетекшісінің аты-жөні:	
Облыс, қала, аудан, село (ауыл) атауы:	
Білім беру мекеменің атауы:	
Сыныбы:	
Телефон, ұялы, e-mail.ru (мұғалім және оқушы)	
Сапалы түрлі-түсті $\frac{3}{4}$ фото	
<u>Жергілікті казпочтаның индекс номері:</u>	

Ғылыми жұмысты мына электрондық почтаға жолдайсыз:
imanchiev_je@mail.ru
institut.pedagogiki.14@mail.ru